

KASE

АПТАЛЫҒЫ

13 – 17 наурыз
2023

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE биржалық нарықтың 2023 жылдың ақпанындағы жұмысын [қорытындылады](#).
- KASE ресми тізіміне Еуразиялық даму банкі [облигацияларының](#) сегіз шығарылымы, АҚШ Қаржы министрлігінің Халықаралық [облигацияларының](#) үш шығарылымы, "RETAM" АИЖМҚ" АҚ [KZ2C00009363](#) (RETMb1) облигациялары, "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ [KZ2C00009371](#) (KFUSb50) және [KZ2C00009389](#) (KFUSb51) облигациялары, Еуразиялық даму банкінің [KZ2D00009628](#) (EABRb40) облигациялары енгізілді.
- KASE ресми тізімінен эмитенттің бастамасымен Nostrum Oil & Gas PLC [GB00BGP6Q951](#) (GB_NTRM) жай акциялары шығарылды.
- KASE-де Азия даму банкінің [XS2590132242](#) (ASDBe14) халықаралық облигацияларымен, халықаралық [облигацияларының](#) 12 шығарылымымен және АҚШ Қаржы министрлігінің халықаралық [облигацияларының](#) үш шығарылымымен сауда-саттық ашылды.
- KASE-де 2023 жылдың наурыз айында орындалатын фьючерстер [жабылды](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 30,0 млн МЕОКАМ-87 24-ші шығарылымын ([KZK200000745](#), MOM024_0087) және 31,5 млн МЕУКАМ-132 жетінші шығарылымын ([KZKD00001152](#), MUM132_0007) орналастырды.
- "RETAM" АИЖМҚ" АҚ KASE-де KZ2C00009363 (RETMb1) облигацияларын өтеуге кірістілігі жылдық 30,00 %-бен орналастыра отырып, 6,5 млрд теңге [тартты](#).
- "Swiss Capital (Свисс Капитал)" МҚҰ" ЖШС KASE-де жазылым арқылы KZ2P00007818 (MFSCb1) облигацияларын өтеуге кірістілігі жылдық 22,50 %-бен орналастыра отырып, 1,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ KASE-де KZ2C00008944 (KFUSb48) облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілігі жылдық 18,76 %-бен орналастыра отырып, 10,4 млрд теңге [тартты](#).
- "Онлайн Қазқаржы МҚҰ" АҚ KASE-де KZ2C00009538 (MFOKb9) облигацияларын өтеуге кірістілігі жылдық 10,00 %-бен орналастыра отырып, \$20,0 млн [тартты](#).
- "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ 2022 жылға шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін [хабарлады](#).
- NOSTRUM OIL & GAS Қазақстанның солтүстік-батысында мұнай-газ активтерін сатып алуды [жоспарлады](#).
- "Самұрық-Қазына" ҰАҚ" АҚ S&P Global Ratings агенттігі қор рейтингтерін растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "ҚазТрансОйл" АҚ S&P Global Ratings агенттігі компания рейтингтерін растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "KEGOC" АҚ S&P Global Ratings агенттігі компания рейтингтерін растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "ҚазМұнайГаз" ҰК "АҚ S&P Global Ratings агенттігі компания рейтингтерін растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ 2022 жылғы қаржылық нәтижелерін [хабарлады](#).
- "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ 2022 жылғы қаржылық нәтижелерін [хабарлады](#).
- "BCC Invest" АҚ "ЦентрКредит – ақылға қонымды теңгерім" ИИПҚ KZPF00000231 (BCCIrb) пайларын ұстаушыларға 2022 жылдың желтоқсаны – 2023 жылғы ақпаны аралығында дивидендтер төленгені туралы [хабарлады](#).
- "Шұбаркөл Көмір" АҚ 2022 жылдың үшінші тоқсанында жай және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер [теледі](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ Махачкалаға экспортқа 325,9 мың тонна мұнай [жөнелтті](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ наурыз айында Өзбекстанға 25 мың тонна ресейлік мұнай транзитін жүзеге асыруды [жоспарлап отыр](#).



17.03.2023

KASE Индексі	3 277,44	Трендтер (%)	
		-0,6	-2,8
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
Advanced Micro Devices, Inc.	96,95	16,0	16,6
Intel Corporation	30,00	12,7	5,2
NVIDIA Corp.	262,00	11,9	19,4
Meta Platforms, Inc.	201,79	10,8	4,5
Microsoft Corporation	276,35	9,3	1,6
АО "Народный банк Казахстана"	129,02	3,0	1,7
Ford Motor Company	13,49	2,6	- 3,6
Apple Inc.	154,40	2,2	2,2
Freedom Holding Corp.	70,00	1,7	7,8
АО "Казакхтелеком"	29 500,10	1,0	0,0
Tesla, Inc.	186,54	0,9	- 9,4
АО "Банк ЦентрКредит"	462,50	0,2	1,9
АО "Банк ЦентрКредит"	641,00	0,1	2,0
АО "НАК "Казатомпром"	13 197,72	0,1	- 7,9
АО "БАСТ"	8 992,90	- 0,1	- 5,9
АО "KEGOC"	1 615,00	- 0,1	- 0,1
АО Kaspi.kz	34 100,00	- 0,4	- 0,3
АО "KM GOLD"	144,30	- 0,5	- 14,1
АО "Кселл"	1 800,01	- 1,1	1,3
АО "Мангистаумунайгаз"	6 237,99	- 1,5	2,9
АО "ForteBank"	3,96	- 1,7	- 7,3
АО "КазТрансОйл"	670,00	- 2,9	- 7,2
АО "НК "КазМунайГаз"	8 826,50	- 6,0	- 10,7

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Әлемдік қаржы нарықтары үшін өткен апта АҚШ-тың екі аймақтық банкі жабылғаннан кейін АҚШ пен Еуропадағы банк секторына қатысты аландаушылықтан туындаған құбылмалылықтың өсуімен және инвесторлардың тәуекелге деген қызығушылығының төмендеуімен ерекшеленді. Нарықтағы сенімді қалпына келтіру мақсатында американдық банктер бір апта ішінде ФРЖ-дан рекордтық 164,8 миллиард доллар қарыз алды. Өз кезегінде Швейцарияның Ұлттық Банкі АҚШ-тағы жергілікті дағдарыстың еуроаймақ банктеріне әсер ету қаупі аясында акциялары күрт төмендеген Credit Suisse-ке шұғыл өтімділік берді.

ЕОБ банк секторының проблемаларына қарамастан, бейсенбі күнгі отырыста мәлімделген қатайту саясатынан ауытқымауға шешім қабылдады және пайыздық мөлшерлемені жылдық 3-тен 3,5 %-қа дейін 50 базистік тармаққа көтерді. Осы аптада сәрсенбіде ФРЖ-ның дисконттау мөлшерлемесін қайта қарау жөніндегі отырысы өтеді. АҚШ-тың қаржы секторының проблемалары мен оған қосымша қысқа мерзімді өтімділік беру жағдайында нарықтар ФРЖ ставканы көтеру қадамын азайтады деп күтеді. Сонымен қатар, АҚШ Еңбек департаментінің мәліметі бойынша, ақпан айында Америкадағы инфляция жылдық мәнде 6,4-тен 6 %-ға дейін төмендеді, бұл ФРЖ-ға ставкаларды көтеру саясатын жеңілдетуге мүмкіндік берді.

Құбылмалылықтың өсуіне байланысты американдық және еуропалық индекстердің көпшілігі өткен аптада жыл басынан бері жинаған барлық өсуін жоғалтты. Қазақстандық қор нарығына халықаралық күн тәртібі әлдеқайда жұмсақ әсер етті. Аптаның қорытындысы бойынша KASE Индексінің мәні 3 280 тармақ деңгейіне дейін 0,6 %-ға төмендеді, бұл ретте индекстік сәбет өкілдерінің жартысы аптаны жасыл аймақта аяқтады. Ең үлкен өсімді Халық банкінің 3 %-ға өскен акциялары көрсетті, Қазақтелеком акциялары 1 %-ға өсті. Қазатомөнеркәсіп пен ЦентрКредит Банкі символдық 0,1 %-ға өсімді көрсетті.

Халық банкі аудиттелген шоғырландырылған қаржылық нәтижелерді хабарлады: банктің таза пайдасы 2021 жылғы 462,4 млрд. теңгемен салыстырғанда 2022 жылы 19,8 %-ға 553,8 млрд. теңгеге дейін өсті. Есеп берушілікке сәйкес, таза кірістің өсуі, соның ішінде несиелік бизнестің айтарлықтай өсуіне байланысты болды. Қазатомөнеркәсіп компаниясының операциялық пайдасы 2022 жылдың қорытындысы бойынша 456 млрд теңгені құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 91 %-ға ұлғайды, бұл кірістер мен уранды сатудың орташа бағасының өсуіне байланысты. Өткен жылы Қазатомөнеркәсіптің таза пайдасы 2,2 есеге өсіп, 473 млрд тг құрады.

Қаржылық нәтижелерді "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы да хабарлады: компанияның таза пайдасы өткен жылы 2021 жылға қарағанда 2,4 %-ға артып, 1,3 трлн теңгені немесе 2,9 млрд долларды құрады. 2022 жылы ҚМГ-дағы Қашаған Б. В. үлесін сатып алуды ескере отырып, бос ақша ағыны теріс болып қалыптасты. Мұнай-газ компаниясы акцияларының бағасы бір апта ішінде 6 %-ға төмендеді, оның ішінде мұнай бағасының төмендеуіне байланысты. ҚазМұнайГаз акцияларының ағымдағы бағасы орналастыру бағасынан 5 % жоғары.

3 наурызда Қазақстанның егеменді рейтингінің болжамы жақсарғаннан кейін S&P Global Ratings агенттігі "Самұрық-Қазына", "ҚазМұнайГаз", "KEGOC" және "ҚазТрансОйл" рейтингтері бойынша "негативтен" "тұрақтыға" болжамдарды қайта қарады. "Самұрық-Қазына" рейтингі "BBB -" деңгейінде расталды, "ҚазМұнайГаз", "KEGOC" және "ҚазТрансОйл" рейтингтері "BB+" деңгейінде расталды.

ЦентрКредит Банкінің еншілес ұйымы BCC Invest 2022 жылдың желтоқсанынан 2023 жылдың ақпанына дейінгі кезең үшін "ЦентрКредит - ақылға қонымды теңгерім" интервалдық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушыларға дивидендтер төленгені туралы хабарлады. Берілген ақпаратқа сәйкес төлем сомасы 98,9 млн теңгені құрады.

20 наурызда "KASE Global" секторында BlackRock Fund басқаратын iShares 10+ Year Investment Grade Corporate Bond ETF акцияларының сауда-саттығы ашылады деп күтілуде. Пай қорлары мен ETF пайлары әртарапандырылуына байланысты жеке компаниялардың акцияларымен салыстырғанда аз тәуекелді инвестициялық құралдар болып табылады.

Борыштық капитал нарығында өткен аптада "RETAM" акционерлік инвестициялық жылжымайтын мүлік қоры өтеуге кірістілігі жылдық 30 %-бен жеті жылдық облигацияларды орналастыра отырып, KASE-де 6,5 млрд теңге тартты.

Қарыз алу нарығында микроқаржы ұйымдары да белсенді болды. Онлайн Қазқаржы МҚҰ өтеуге кірістілігі жылдық 10 %-бен жылдық облигацияларды орналастыра отырып, KASE-де 20 млн доллар тартты. "Swiss Capital (Сви́сс Капитал)" МҚҰ KASE-де өтеуге кірістілігі жылдық 22,5 %-бен үш жылдық облигацияларды орналастыра отырып, 1 млрд теңге тартты.

Қазақстандық орнықтылық қоры өтеуге кірістілігі жылдық 18,76 %-бен және айналыс мерзімі 7 жыл болатын 10,4 млрд теңге сомасына облигациялардың бір шығарылымын орналастырды. 20 наурызда KASE-де Еуразиялық даму банкінің 75 млн доллар сомасына үш жылдық облигацияларын орналастыру бойынша мамандандырылған сауда-саттық жоспарланды.


Өткен аптада ҚР Қаржы министрлігі KASE-ке жалпы сомасы 60,2 млрд теңгеге өтелгенге дейінгі мерзімдері 2 жыл және 9 жыл және тиісінше жылдық өтеуге кірістілігі 15 % және 13,9 % қазыншылық міндеттемелердің екі шығарылымын орналастырды.

Сонымен қатар, KASE-де Филиппин, Абу-Даби әмірлігі, Катар, Сауд Арабиясы, АҚШ және Перу Қаржы министрліктерінің халықаралық Мемлекеттік облигацияларымен сауда-саттық ашылды.




Өткен аптада айдың ортасында күтілетін бір күндік TONIA репосын тарту мөлшерлемесі жыл сайынғы 15,8–15,9% тар аралықта өзгеріп, төмен құбылмалылықты көрсетті. Базалық мөлшерлеме дәлізінің төменгі шекарасынан сәл жоғары бұл деңгей айдың екінші онкүндігіне тән, осы кезеңде әдетте теңгелік өтімділік тапшылығы байқалмайды. Бір күндік валюталық своп операцияларының АҚШ долларындағы кірістілігі бір апта ішінде жылдық 15,9-дан 12,98 %-ға дейін төмендеді.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысық кірістілігі





Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 17 наурызда төңенің нарықтық бағамы бір апта ішінде 3,3%-ға (445,98-ден) әлсіреп, 1 АҚШ доллары үшін 460,79 теңге деңгейінде қалыптасты.


Сыртқы валюта нарығында 2023 жылғы наурыздың 10-ы мен 17-сі аралығында бірқатар маңызды оқиға болды. Әлемнің қаржы нарықтарында құбылмалылық күшейді. Жаһандық деңгейде банк саласындағы дағдарысқа байланысты туындаған қауіптен инвесторлардың тәуекелге деген қызығушылығы сөне бастады. Сонымен қатар, наурыздың 10-12 күндері АҚШ-тың технологиялық секторға қызмет көрсететін екі банкі – Silicon Valley Bank пен Signature Bank жабылатыны белгілі болды. Жергілікті дағдарыстың әсер ету тәуекелдері АҚШ-тың тағы бір ірі банкі First Republic Bank пен Швейцарияның Credit Suisse банкі акцияларының құнын төмендетті. АҚШ Федералды еңбек статистикасы бюросының деректері бойынша, ақпанда базалық тұтыну бағасының индексі (ТБИ) азық-түлік пен қуат көзін қоспағанда, 0,5%-ға (5,5% ж/ж) артып, бес айда ең жоғары көрсеткішке жетті. ЕОБ наурыздағы отырыстан кейін негізгі мөлшерлемені 50 базистік тармаққа көтерді.

Жоғарыда аталған факторлар дамушы нарықтарда валюталардың мейілінше теріс динамикасын көрсетті. Дамушы елдерде АҚШ долларына қатысты валюталар бағамының динамикасы төмендегідей қалыптасты:

- индонезия рупиясы 0,7%-ға (15450-ден 15345-ке дейін) нығайды. ОБ мөлшерлемені 5,75% деңгейінде қалдыру туралы шешім қабылдады;
- түрік лирасы жаһандық белгісіздік аясында 0,2%-ға (18,97-ден 19,01-ге дейін) әлсіреді;
- үнді рупиясы жаһандық тәуекел дәрежесінің төмендеуі аясында 0,6%-ға (82,05-тен 82,55-ке дейін) әлсіреді;
- оңтүстік Африка ранды шетелдік капиталдың әкетілуі аясында 0,8%-ға (18,32-ден 18,47-ге дейін) әлсіреді;
- ресей рублі энергия тасымалдаушыларға деген әлемдік бағаның төмендеуі аясында 1,3%-ға (76,1-ден 77,06-ға дейін) әлсіреді. РФ ОБ мөлшерлемені 7,5% деңгейінде қалдыру туралы шешім қабылдады;
- бразилия реалы АҚШ-тағы банктердің түбегейлі өзгерістерінен кейін әлемдік нарықтағы құбылмалылық аясында 1,3%-ға (5,21-ден 5,28-ге дейін) әлсіреді;
- мексика песосы жаһандық тәуекел сентиментінің төмендеуі және ЕОБ-ның мөлшерлемені көтеру туралы шешімі аясында 2,2%-ға (18,5-тен 18,91-ге дейін) әлсіреді.

Шетел валюталарының бағамы динамикасы


Δ %, база (01.01.23)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2023, %
— GBPKZT	558,89	4,57	2,37	1,12
— USDKZT	460,79	3,32	3,32	0,76
— EURKZT	490,51	3,95	1,94	0,40
— CNYKZT	66,91	4,40	2,02	1,26
— RUBKZT	6,02	2,56	-0,16	-5,13

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к
		7к	1а	1ж	
S&P 500	3 916,64	1,4	-5,6	-11,2	1,3
Dow Jones	31 861,98	-0,1	-6,6	-7,6	-0,3
PTC	948,97	0,7	3,7	1,3	1,0
MMBБ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	1,0
Hang Seng	19 518,59	1,0	-6,2	-9,2	1,4
SS CSI 300	3 958,82	-0,2	-4,0	-6,6	-0,4
Euro Stoxx 50	4 064,99	-3,9	-5,0	4,6	-5,2
FTSEuroFirst	4 634,90	-3,7	-6,1	1,6	-4,1
FTSE 100	7 335,40	-5,3	-8,3	-0,7	-5,2
KASE	3 277,44	-0,6	-2,8	-2,1	

Шикізат нарығы

17.03.2023

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	72,97	-11,9	-14,5	-31,6
Мұнай (WTI)	66,74	-13,0	-15,1	-35,2
Табиғи газ	2,34	-3,8	-5,4	-53,1
Мыс	391,35	-3,3	-2,4	-16,6
Темір	934,00	-2,5	4,1	11,4
Алтын	1 989,25	6,5	8,3	2,4
Күміс	22,35	9,7	3,6	-12,6
Астық	710,50	6,6	-7,6	-35,3

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

Валюта

Болжам

Алдыңғы

20.03	ҰБК базалық неиелік мөлшерлемесі	CNY	3,65%	3,65%
20.03	ЕОБ төрағасы Лагард 20, 21 және 22 наурызда сөз сөйлейді	EUR		
22.03	<u>ФРЖ пайыздық мөлшерлемесі бойынша шешім</u>	USD	5,00%	4,75%
23.03	ЕО көшбасшыларының Саммиті – 23-24 наурыз	EUR		
23.03	Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны	USD	199К	192К
24.03	Германияның өндірістік секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (наурыз)	EUR	47,0	46,3
24.03	Ұзақ пайдаланылатын тауарларға базалық тапсырыстар (а/а) (ақпан)	USD	0,2%	0,8%

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Мәні

Күні

Алдыңғы ай

Жылдық инфляция	21,3%	01.03.23	20,7%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	34,6	01.03.23	36,7
Ақша базасы, млрд KZT	11 135,1	01.03.23	11 707,1
Ақша масса, млрд KZT	32 983,0	01.03.23	33 834,4

Қазақстанның несие рейтингі

Рейтинг

Күні

Алдыңғы

S&P Global

BBB-/A-3 әлсіз

03.03.23

BBB-/A-3 негативті

Moody's

Ваа2/әлсіз

11.08.21

Ваа3/позитивті

FitchRatings

BBB/әлсіз

02.12.22

BBB/әлсіз



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына көпілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.